

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Қабылдау

комиссиясының төрағасы

 Е.А. Мамбетқазиев

«05» маусым 2026 ж.



БАҒДАРЛАМА

**В042 «Журналистика және репортерлік ісі» білім беру бағдарламаларының
тобы бойынша түсетін талапкерлер үшін шығармашылық емтихандар
өткізу**

Өскемен, 2026

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «31» қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес әзірленді және шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Шығармашылық емтихандарды өткізу шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

1.3. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін адамдар өздері таңдаған ЖЖОКБҰ-да ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға түсушілерді қоспағанда, шығармашылық емтихандарды тапсырады.

1.4. Шығармашылық емтихандар оқуға түсушілердің шығармашылық бағыттағы мамандықты игеру қабілеттерін және жеке алғышарттарын анықтауға бағытталған.

1.5. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

1.6. Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

1.7. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқыту тілі) бойынша балдар ескеріледі.

1.8. Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін адамдар үшін арнайы пән бойынша балдар ескеріледі.

1.9. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілерге арналған шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады. Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

2. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

2.1. Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштер қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 10 тамызына дейін жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 7 шілдесінен 15 тамызына дейін өткізіледі.

2.2. Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалы беріледі және титулдық парақтарды ресімдеуге ұсынылатын тәртіп түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

2.3. Шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына (үй-жайына) түсушіні жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Бұл ретте арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жарактандырылған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі.

2.4. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде орыннан орынға ауыстыруға, емтихан материалдарымен алмасуға, оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобильді байланыс құралдарын есептен шығаруға, аудиторияға енгізуге және пайдалануға жол берілмейді.

2.5. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлер келесі талаптарды сақтайды:

- тыныштықты сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушылармен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
- аудитория бойынша жүрмеу, басқа жерге ауыспау;
- шығармашылық емтихан аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихана аудиториясынан шықпау.

2.6. Осы ережені бұзғаны үшін талапкер аудиториядан шығарылады, оның жұмысы толығымен жойылады.

2.7. Дәлелді себептермен шығармашылық емтиханға келмеген адамдар оларға қосымша белгіленген күні шығармашылық емтихандарды өткізу мерзімінен кешіктірілмей жіберіледі.

2.8. Дәлелді себепсіз шығармашылық емтихандарға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

2.9. Шығармашылық емтихандарға қайта қатысуға және қайта тапсыруға жол берілмейді.

2.10. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары Бағалау ведомосімен, арнайы емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосімен, комиссия хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына Комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды.

2.11. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

2.12. Емтихандарды өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір ЖОО-ның бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен құрамы оның төрағасын қоса алғанда, мүшелердің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

2.13. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам жеке өзі береді, арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

2.14. Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

3. Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

3.1. «Журналистика және репортерлік ісі» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсетін талапкерлер үшін шығармашылық емтиханға берілген тақырып бойынша шығарма жазады (А қосымшасын қараңыз). Емтиханның ұзақтығы - 3 сағат. Шығарма көлемі кемінде 3 және 7 беттен аспауы керек.

3.2. Шығарма келесі талаптарға сай болуы керек:

- тақырыпқа сәйкестік;
- тақырыпты ашудың толықтығы;
- шығарма мәтінінде нақты материалды дұрыс пайдалану;
- тақырыптың мазмұны мен нақтылығы, ашылу сипаты;
- айтылған ойдың дәлелі, алға қойылған аргументтің дұрыстығы;
- жоспар және логика, баяндама дәйектілігі;
- ойлаудың дербестігі;
- баяндаудың өзіндік ерекшелігі, стильдік бірлігі және мәнерлілігі.
- эпиграфтар мен дәйексөздердің семантикалық дәлдігі;
- грамматикалық-стилистикалық сауаттылық, әдеби тіл нормаларын сақтау.

4. Екінші шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

4.1. «Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламарының тобына түсетін талапкерлерге арналған екінші шығармашылық емтиханы - кәсіпке жарамдылығын анықтауға арналған әңгімелесу.

4.2. Ауызша әңгімелесуде талапкер қазіргі қоғамдық өмір құбылыстарын бағалауда аналитикалық тәсілге қабілеттілігін, БАҚ-тың әртүрлі әлемінде бағдарлай білуін, жергілікті газеттердің бағыттарын және телевизиялық және радиоарналардың негізгі бағдарламаларын білуі тиіс. Арнаның, бағдарламаның артықшылығын дәлелді түрде негіздеу. Талапкер әдеби тілді еркін меңгеруі, өз сөзін стилистикалық сауатты ресімдеуі, дұрыс баға беруі тиіс. Ауызша әңгімелесу тақырыбы Б қосымшасында берілген.

А қосымшасы

1. Сөз бостандығы және журналистің жауапкершілігі
2. Жұмысшы мамандықтарының жылы: журналистика адам еңбегін қалай насихаттайды?
3. Жаңа Қазақстан: мен оны қалай көремін?
4. Жасанды интеллект және журналистика
5. Журналистің шығармашылық әлемі
6. Біздің өңірдің өзекті мәселелері: журналистің көзқарасы
7. Менің өмірімді өзгерткен адам
8. Жаһандану немесе неге әлем осындай кішкентай болды
9. Журналистика өнердің бір түрі ретінде
10. Қазіргі қоғамға әлеуметтік желілердің әсері

Б қосымшасы

1. Қазіргі журналистикадағы еркіндік
2. Журналистика арқылы өз мәдениетін сақтау
3. Журналистика шығармашылық қызмет түрі ретінде
4. Журналистер біздің әлем туралы түсінігімізге қалай әсер етеді?
5. Сандық журналистика: қалай табысты болуға болады?
6. Қазіргі заманның танымал журналистері
7. Егер мен жастар журналының редакторы болсам...
8. Жаңа Қазақстан: мұны білу неге маңызды
9. Баспасөз бостандығы «менің түсінігім» бойынша
10. Қазақстандағы БАҚ-тың дамуы
11. Ғылыми журналистика және оның даму перспективалары
12. Журналистика және экология: мен не істей аламын?
13. Қазақстан әлемдік журналистика призмасы арқылы
14. Толеранттылық - қоғамдық тұрақтылықтың кепілі
15. Әлемді өзгерткен адамдар
16. ХХІ ғасырдағы Абай және Қазақстан
17. БАҚ-тың жастардың өзіндік санасының дамуына әсері
18. Спорттық журналистика және оның Қазақстандағы дамуы
19. Жақсы журналистің маңызды қасиеттері
20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-әрбір азаматтың парызы